

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Мектепалды даярлық тобына арналған сабақ жоспары

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.03.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/91764/>

Күні: 11.03.2021ж.

Білім беру саласы: Таным

Білім беру бөлімі: ҚМҰҚ

Тақырыбы: 1 саны және цифры.

Мақсаты:

- 1 саны және цифрымен таныстыру; бір затты анықтай алуға үйрету; заттардың белгілерін тауып, оларды сол белгілеріне қарай жіктеу қабілетін қалыптастыруды жалғастыру;
- Балалардың сөйлеу қабілеті мен зейінін, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту;

3. Тиянақтылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ – жауап, түсіндіру, ойын.

Қолданылған көрнекі құралдар: үлестірмелі материал, дидактикалық материал, жұмыс дәптер.

Полингвалды компонент: фигура-фигура-figure, шаршы-квадрат-square, көлік-транспорт-transport.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
-----------------------------	-----------------------	-----------------------

Мотивациялық-қозғаушы-лық	<p>Балалардан өткен сабақта танысқан фигураларды еске түсіруді сұрайды. Соған сәйкес келетін заттарды табуды тапсырады (7-кесте). Жұмысты «Жасырынбақ» ойыны түрінде ұйымдастыруға болады. Содан кейін суреттерді талдауға шақырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> — Олар қандай фигуралардан құралған? — Бұл заттар қалай аталады? Оларға ортақ атау (көліктер) беруге бола ма? 	<p>Суреттердің өздері білетін қандай фигураларға ұқсайтынын айтады.</p> <p>Балалар ойынға қосылып, пішіні жағынан әртүрлі заттарды табуға кіріседі. Көлік түрлерін атап көрсетеді: пароход, паровоз немесе кеме, жүк машинасы. Суреттерді талдайды.</p>
Ұйымдас-тырушы-лық-ізденістік	<p>Педагог топтағы заттарға ортақ атау беріп, оларды көлік деп атауға болатынын айтқан балаларды мадақтайды. Картиналарды мұқият қарап шығуды ұсынады (8-кесте).</p> <ul style="list-style-type: none"> — картиналарда ненің суреті салынған? — Автобус нешеу? Трактор нешеуекен? <p>Картинаданеше жүк көлігі бар?</p> <ul style="list-style-type: none"> — Суреттегі заттарға қандай ортақ атау беруге болады? (Бұл – көлік) — Көліктің басқа қандай түрлерін білесіңдер? (Мотоцикл, велосипед т. б.) — Мұнданеше автобус бар? (Біреу). Трактор нешеу? (Біреу) және т.б. <p>Бүгін біз 1 санымен және цифрыментанысамыз. 1 туралыөлең оқып береді.</p> <p>1-дің бейнесіне ұқсайтын суреттер көрсетуге болады.</p> <p>«1»-ге ұқсайтын бұл не?</p> <p>Ол — кәдімгі ине.</p> <p>Сабақтап жіп іл де, Қада онымен түйме.</p> <p>Дәптерлеріңді ашыңдар. 1-тапсырмада ненің суреті салынған? Жүк көлігі нешеу?</p> <p>Олқандайцифрмен белгіленген? Санға қараңдар. Олтуралытақпақтар тыңдаңдар (бір саны туралыбалаларбілетін 1-2 тақпақты айтады). — Дәптердегі жаңа шарттыбелгіні қараңдар және оны саусақпен сызып шығыңдар. Кәне, оң қолымыздағы (солақайлар сол қолын) сұқсаусағымызды дайындаймыз. Енді 1 цифрының бойымен бірінші жоғары қарай, сосын төмен қарайсаусақпен сызамыз. Цифрлардың бәрін саусағымызбен сызыпшығайық. Ал енді қарындашымызды алып, цифрларды төменгі жағынан бастап сызамыз. Ізбе-ізділікті сақтаймыз. Қай жақтан бастап жазамыз? Саусағымыздыжаттықтырамыз (№1 технологиялық картаны қараңыз). Содан соң 2-тапсырманы орындауға кірісеміз. 1 цифрын тауып, оны калаған түспен бояймыз.</p>	<p>Оларға көлік деген жалпы атау береді. Олардың әрқайсысы бір-бірден екенін анықтайды. 1 цифрымен танысады.</p>
		<p>Дәптердегі 1 цифрын саусағымен алдымен жоғары қарай, сосын төмен қарай сызып шығады. Содан соң цифрларды қарындаш пен сызады.</p> <p>Саусақтарды жаттықтырады. Әр бала өзі ұнататын түсті таңдап алады және бояйды.</p>
Рефлексиялық-түзетуші-лік	<p>Сабақты қорытады. «Біз қандай санмен және цифрмен таныстық?» «Ауаға 1 цифрын «жазып» көріңдер. Енді оң аяқтың, сол аяқтың ұшымен еденге жазамыз». Балаларды мадақтайды. Бүгінгі және бұрынғы сабақтарда өткенді тиянақтау үшін 3-тапсырманы береді.</p> <ul style="list-style-type: none"> — Алдымен тапсырманы шартты белгі бойынша «оқимыз». Тиісті фигураларды жапсырыңдар. Содан соң мынадай сұрақтарға жауап береміз: «Қай фигура бір-бірден? Бір-бірден берілген фигуралардың түсіқандай?» <p>Әр баланы мадақтайды және устелдерініңүстін реттеулерін сұрайды.</p>	<p>Ауаға және еденге 1 цифрын «жазады». Бір-бірден тұрған фигуралардытабады. 3-тапсырманы орындайды</p> <p>Сабақты қорытады және жұмыс орнын реттейді.</p>

Күтілетін нәтиже:

біледі: 1 саны мен цифрын;

игереді: 1 цифрын дұрыс жазуды;

меңгереді: бір-бірден тұрған заттарды тауып, 1 цифрын тануды.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.